**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Қыркүйек айы 2025 жыл 1 апта**

**Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы**

Үйде, топта қарапайым істерді орындауға көмектесу

Үй жануарларына, үй өсімдіктеріне күтім жасау

Өзіне-өзі қызмет көрсету

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 01.09.2025ж | Сейсенбі 02.09.2025 ж | Сәрсенбі 03.09.2025ж | Бейсенбі 04.09.2025ж | Жұма 05.09.2025ж |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу<br>Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.)<br>Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу<br>Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру<br>Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу)<br>Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау)<br>**Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру**<br>Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу **Күй күмбірі** | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру;<br>әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату;<br>балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру;ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру.<br>**Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз. | | | | |
| **Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары** | | «Ұшады, жүзеді, жүреді» үстел үсті ойыны: Міндеті Тәрбиеші көліктің түрлерін суреттерін көрсетеді, ал балалар қимыл-қозғалыспен оны көрсетіп – ол ұшама, жүреме, жүзе ме айтады. **Коммуникативтік дағдылар** | «Теңге алу», «Айырмашылығын тап», «Банкомат», «Ақшаны жұмсауды үйренеміз», «Әмиян», «Дүкен» ойындары - қаржылық сауаттылық бойынша қарапайым білімдерді (заттарды тексеріп қарау, зерделеу, олардың көлемін көзбен өлшеу, көзбен көріп ойлауды, есте сақтауды, қиялды, ұсақ қол моторикасын дамыту **Бір тұтас тәрбие** | Табиғат бұрышындағы еңбек. Міндеті :Еңбекке байланысты мақал-мәтелдер айту. Гүлдерді суарып, қопсытуға көмектеседі **Әлеуметтік дағдылар,экологиялық тәрбие** | Ұйымдастырылған іс-әрекеттердегі мінез-құлық ережелерімен таныстыру, Жедел қызметтің телефон нөмірлері, терезе алдына шықпауға үйрету **қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған балалар әрекеті түрі** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| **Ертеңгілік жаттығу** | «Менің Қазақстаным» әнұран тыңдату,бірге орындау,жаттату<br>Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету.<br>Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау.Мақсаты: Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** | | | | |
| **Таңғы ас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | | **Қаржылық сауаттылық Ойын атауы:** «Дүкен | **Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы Ойын** | **«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» Ойын атауы:** «Асық ойыны» | **Адалдық әліппесі Ойын атауы:** «Жоғалған ойыншық» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | »<br>**Мақсаты:** Ақша туралы қарапайым түсінік қалыптастыру, санауды үйрету.<br>**Құралдар:** Жеміс-жидек макеттері, ойыншық ақша, дорба.<br>**Ойын барысы:**<br>Бір бала – сатушы, қалғандары – сатып алушылар. Балалар ақшаларын санап, «тауарды» сатып алады. Тәрбиеші «артық ақша | **атауы:** «Шындық пен өтірік»<br>**Мақсаты:** Балаларды адалдыққа тәрбиелеу, шындықты айтуға үйрету.<br>**Құралдар:** Суреттер (мысық, ит, бала, ойыншықтар).<br>**Ойын барысы:**<br>Тәрбиеші суретті көрсетіп, қасақана қате айтады («мынау ит емес, мысық»).<br>Балалар қатесін тауып, дұрыс жауап береді.<br>«Адал бала әрқашан шындықты айтады» деп бекітеді. | (жеңілдетілген нұсқа)<br>**Мақсаты:** Ұлттық мұраға қызығушылық тудыру, дәлдікке, ептілікке үйрету.<br>**Құралдар:** Асықтар, сақа.<br>**Ойын барысы:**<br>Балалар кезекпен асық атады.<br>Қайсысы асықты дәл түсірсе – сол жеңімпаз.<br>Тәрбиеші «ұлттық ойын – халқымыздың қазынасы» екенін түсіндіреді. | **Мақсаты:** Балаларды адалдыққа баулу, бір-бірінің затын рұқсатсыз алмауға үйрету.<br>**Құралдар:** Қуыршақ немесе ойыншық.<br>**Ойын барысы:**<br>Тәрбиеші ойыншықты ортаға қойып: «Бұл ойыншықтың иесі жоқ сияқты. Не істейміз?» – деп сұрайды.<br>Балалар: «Иесіне қайтарамыз», «Тәрбиешіге апарамыз» деп шешім айтады.<br>Соңында тәрбиеші: «Адал бала – әрқашан жоғалғанды иесіне қайтарады» деп бекітеді. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | қалды ма, әділ төледің бе?» деп бағыт береді | | | |
| **Кестеге сәйкес ҰІӘ** | | **Көркем әдебиет М.Төрежанов «Кішкентай бағбан»**<br>Іс-әрекет барысы:<br>**Ұйымдастыру сәті** – балаларды дөңгелете отырғызып, табиғат туралы жұмбақ жасыру.<br>**Кіріспе әңгіме** – «Бақшада не өседі? Адамдар не істейді?» деген сұрақтар | **Математика негіздері**<br>Жиын ұғымы<br>**Кіріспе:** Балаларға үстел үстінде әртүрлі ойыншықтар (қуыршақ, көлік, кубик) қою. «Мына заттардың бәрін қалай атаймыз?» деген сұрақ қою.<br>**Мақсат:** Жиын ұғымын қарапайым түрде түсіндіру.<br>Заттарды түстері, пішіндері, өлшемдері бойынша біріктіру.<br>**Әдіс-тәсілдер:** Әңгіме, | **Қазақ тілі**<br>Ауызекі Тіл дамыту.<br>Қарым-қатынас құралы<br>**Мақсат:**<br>Балаларды өз ойын еркін жеткізуге үйрету.<br>Сұраққа қысқа, нақты жауап беруге ынталандыру.<br>**Тапсырмалар:**<br>«Сәлемдесу шеңбері» ойыны – әр бала көршісіне жылы сөз айтады.<br>«Кім не істеп жатыр?» – сурет бойынша сөйлем құрастыру. | **Математика негіздері**<br>Жиын және оның элементтері<br>**Кіріспе:** Балаларға түрлі түсті ойыншықтар, пішіндер, суреттер көрсету. «Бұлар не?» деп сұрау.<br>**Негізгі бөлім:**<br>Жиын әртүрлі элементтерден құралады (түсі, пішіні, өлшемі бойынша).<br>Әр балаға суреттер немесе кубиктер беріп, белгісі бойынша топтастыру.<br>**Ойын-** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | арқылы ой қозғау.<br>**Әңгіме тыңдату** – тәрбиеші мәнерлеп «Кішкентай бағбан» әңгімесін оқып береді.<br>**Сұрақ-жауап** – кейіпкерлерді атау, оқиғаның немен аяқталғанын талқылау.<br>**Суретпен жұмыс** – сурет бойынша әңгімелеу: «Бұл бала не істеп жатыр? Ол кімге көмектесті?»<br>**Қимыл-қозғалыс** | көрсету, сұрақ-жауап, ойын.<br>**Ойын-жаттығулар:**<br>«Түстер әлемі» – балалар қызыл, жасыл, көк ойыншықтарды бөлек қораптарға салады.<br>«Кім тез?» – пішіндерден дөңгелек пен төртбұрышты тез табу.<br><br>**Сауат ашу негіздері**<br>Сызықтар мен штрихтар салу<br>**Мақсат:**<br>Түзу және қисық сызықтар жүргізуді үйрену.<br>Ұсақ қол қимылдарын | **Көркем әдебиет**<br>**М.Төрежанов «Кішкентай бағбан»**<br>Іс-әрекет барысы:<br>**Ұйымдастыру сәті** – табиғат туралы қысқа өлең немесе тақпақ айту.<br>**Әңгімені еске түсіру** – суреттерді ретімен қойып, балалардан мазмұнын айтқызу.<br>**Әңгімелету** – бір-екі балаға әңгіме желісін баяндатып, теңеулер қолдануға жетелеу (мысалы: «гүл күндей жайнады», «су мөлдір моншақтай тамшылады»).<br>**Шығармашылық жұмыс**:<br>Балалар бақша, гүл немесе ағаштың суретін салады.<br>Салған суреті | **жаттығулар:**<br>«Түстер жиыны» – балалар қызыл заттарды бөлек, көкті бөлек жинайды.<br>«Қимыл жиыны» – секіретіндер бір бөлік, қол шапалақтайтындар – екінші бөлік.<br>**Қорытынды:** Жиын – көп заттан тұрады, оларды біріктіруге болады.<br><br>**Қазақ тілі**<br>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Фонематикалық естуді дамыту<br>**Мақсат:**<br>Дыбыстарды дұрыс, анық айтуға жаттықтыру.<br>Сөздегі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **ойыны** – «Бағбаншылар» (балалар гүл егіп, су құйып жатқандай қимыл жасайды).<br>**Қорытынды** – еңбектің маңызы туралы әңгімелеу, балаларға: «Сендер үйде ата-аналарыңа қалай көмектесесіңдер?» деген сұрақ қою.<br><br>**Сауат ашу**<br>Сөз және дыбыс ұғымы<br>**Кіріспе:** Балаларға әртүрлі сөздер айту | дамыту.<br>**Әдіс:** Дәптермен жұмыс, сызық сызу.<br>**Тапсырма:** Дәптерде жоғарыдан төмен түзу сызық сызу. «Жаңбыр жауды» ойыны – нүктелерді сызықпен қосу.<br><br>**Дене тәрбиесі**<br>Саусақ және қол бұлшықеттерін дамыту<br>**Жаттығулар:** Саусақтарды айқастырып, алға-жоғары көтеру. Қолды сыртқы жағымен ішке қарай бұру.<br>**Негізгі қимыл:** тізені жоғары көтеріп | бойынша қысқа әңгіме құрайды («Менің бағбан атам бар. Ол...»)<br>**Дидактикалық ойын** – «Қайда өседі?» (балаларға әртүрлі сурет көрсетіледі: гүл, ағаш, көкөніс – қай жерде өсетінін табады).<br>**Қорытындылау** – еңбектің қуанышы мен пайдасын атап өту. Балаларды табиғатты қорғауға, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br><br>**Математика негіздері**<br>Жиынды бөлу<br>**Кіріспе:** Бір қорап қарындашты көрсету. | дыбыстардың орнын (басында, ортасында, соңында) табуға үйрету.<br>**Тапсырмалар:** «Дыбысты тап» ойыны – тәрбиеші сөз айтады, балалар дыбыстың орнын анықтайды. Жаңылтпаш айту («Балпаң-балпаң басып жүр, балапаным, басып жүр»).<br><br>**Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>Мен кіммін? Менің отбасым<br>**Мақсат:** Баланың өзін тұлға ретінде тануына көмектесу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | (ана, ойыншық, алма). «Сөз неден тұрады?» деп сұрау.<br>**Мақсат:** Сөздің дыбыстардан құралатынын түсіндіру. Дыбысты естіп, ажыратуға үйрету.<br>**Әдіс:** Тыңдау, сұрақ-жауап, ойын.<br>**Тапсырма:** «Дыбысты тыңда» ойыны – тәрбиеші дыбыс айтады, балалар сөз ойлайды. | жүру, заттардан бір қырымен аттап өту.<br>**Музыкалық қимыл:** «Биші қимылдары» – әуенмен ырғақты қимылдар.<br>**Ойын:** «Кім шапшаң?» – белгі бойынша қозғалысты өзгерту.<br><br>**Тіл дамыту**<br>Дауысты дыбыстарды дұрыс айту<br>**Мақсат:** Ана тіліндегі дауысты дыбыстарды (а, о, ұ, ү, е, ы, і, ә, і) дұрыс айтуға үйрету.<br>Дыбысты анық айтуға | «Бұл жиын ба?» деп сұрау. «Оны қалай бөлуге болады?» деген ой тастау.<br>**Мақсат:** Жиынды бөліктерге бөлуді үйрету. Бүтін мен бөліктің арасындағы байланысты түсіндіру.<br>**Әдіс-тәсілдер:** Тәжірибелік жұмыс, ойын, топпен орындау.<br>**Ойын-жаттығулар:** «Бөл де сал» – қарындашты қызыл, жасыл бөлікке бөлу. «Жемістерді бөліп ал» – суреттегі жемістерді бөлу: алма бөлігі, алмұрт бөлігі.<br><br>**Музыка**<br><br>Музыка тыңдау және | Отбасы мүшелерін атау, олардың рөлін түсіну.<br>**Әдістер:** Сұрақ-жауап, әңгіме, сурет көрсету.<br>**Тапсырмалар:** «Отбасым суретте» – отбасының суретін салып, таныстыру.<br>«Кім не істейді?» ойыны – әр отбасы мүшесінің міндетін айту.<br><br>**Музыка**<br><br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар<br>**Мақсат:** Музыка сипатына қарай қимылды өзгерту.<br>Дене қимылдарын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **Дене тәрбиесі**<br>Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар<br>**Мақсат:** Қолдың бастапқы қалыптарын орындау, иық бұлшықеттерін шынықтыру.<br>**Жаттығулар:**<br>Қолды кеуде тұсына қою, екі жаққа созу.<br>Қолды жоғары көтеру және жанға созу.<br>Қолды желкеге қою.<br>**Негізгі қимыл:** сапта жүру, аяқтың ұшымен жүру.<br>**Ойын:** «Қарлығаштар ұшып жүр» (қолды | дағдыландыру.<br>**Әдіс-тәсілдер:** Артикуляциялық жаттығулар, өлең жолдарын айту, жаңылтпаш.<br>**Тапсырмалар:**<br>«Дауыстап айт» ойыны – суреттегі затты атап, дауысты дыбысты бөліп айту.<br>Жаңылтпаш жаттау («Ата, ата, балта әкел»).<br><br>**Мүсіндеу**<br>**Жапсыру**<br>**Сурет салу**<br>**Құрастыру**<br>«Күзгі бақшада»<br>**Сурет салу:** Балалар бояумен ағашқа ілінген алмаларды салады | ән айту<br>**Мақсат:**<br>Музыкалық шығармалардың көңіл-күйін ажырата білу.<br>Ән айтуға қызығушылығын арттыру.<br>**Тапсырмалар:**<br>Шағын әуен тыңдау («Көңілді марш», «Әлди әні») – көңіл-күйін анықтау.<br>Қарапайым балалар әнін үйрену (2–3 шумақ). | ырғақпен үйлестіру.<br>**Тапсырмалар:**<br>«Марш» әуенімен саппен жүру.<br>Жеңіл би қимылдары (қол шапалақтау, аяқпен топылдату). |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | жанға жайып ұшу). | (қылқаламды көлденең, тігінен ұстау).<br>**Мүсіндеу:** Ермексаздан сәбіз, қияр сияқты көкөністерді пішіндеу.<br>**Жапсыру:** Қайшы мен қиып алынған жапырақтарды суреттің айналасына жапсыру.<br>**Құрастыру:** Конструктордан бақшаның шарбағын құрастыру. | | |
| **Серуенге дайындық** | Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру **өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту**<br>Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету<br>**Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |

| | |
|---|---|
| **Серуен** | |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (**дербес қимыл әрекеті).** |
| **Түскі ас** | Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу»<br>Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**<br>Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу.<br>Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау.<br>Тамақты отырып, асықпай жеу.Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау.<br>Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту.<br>**Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** |
| **Күндізгі ұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)** |
| **Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары** | **Біртіндеп ояту:** Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. **Сауықтыру жаттығулары:** Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). **Өзіне-өзі қызмет ету:** Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ұсақ моториканы дамыту). **Мәдени-гигиеналық дағдылар:** Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу). | | | | |
| **Бесін ас** | Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету,балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | | Үй жануары мысық , ит қалай дыбыстайды даусынан тану дыбысты қайталауды дамыту **(Тіл дамыту және көркем әдебиет)** | Көлеңке театрымен таныстыру, көлеңке театрының кейіпкерлерінен ата, апа бейнесін танып атау, сәлемдесу, қоштасу сөздерін айтуды үйрету **(Көлеңке театры)** **Құм терапиясы** Құм терапиясымен таныстыру, құммен ойнаудың алғашқы техникасын үйрету. | Қуыршақ театрының кейіпкерлерінен ата, апа, ана, әке бейнесін танып атау, сәлемдесу, қоштасу сөздерін айтуды үйретуді пысықтау **(Көркем әдебиет)** ойыншықтармен ойынойнауын жетілдіру **(Құрылыс ойындары)** | Топтағы табиғат бұрышын тамашалатуды үйрету. **(Қоршаған әлеммен таныстыру)** **Үстел үсті театры** Үстел үсті театрымен таныстыруды жалғастыру, кейіпкер аттарын қайталату. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | | «Мен және менің атым» Баланың өзін таныстыруына жағдай жасау (аты-жөні, жасы). Сөздік қорын дамыту (сұрақ-жауап ойыны: «Сенің атың кім?», «Жасың нешеде?»). Ұсақ моторика: сурет дәптеріне өз атын бастырып салғызу (тәрбиеші көмегімен). | «Түстер әлемі» Негізгі түстерді (қызыл, көк, жасыл, сары) ажыратуға жеке жұмыс. «Қай түс?» ойыны: тәрбиеші бір түсті көрсетеді, бала атайды. Жеке балаға түрлі түсті қарындаш беріп, дұрыс қолдануға үйрету. | «Сандар досымыз» 1–3 сандарына жеке-жеке үйрету. Саусақпен, ойыншықпен санау. «Қанша ойыншық бар?» ойыны арқылы санау дағдысын дамыту. | «Тіл дамыту» Әр баламен қысқа әңгіме: «Отбасым», «Менің сүйікті ойыншым». Сөздік қорын толықтыру, сөйлем құрастыруға үйрету. «Сурет бойынша әңгімеле» әдісі: суретті көрсетіп, балаға 2–3 сөйлем айтқызу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру.<br>Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру.<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**Тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**).<br>Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету<br>**Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |
| **Серуен** | | «Эстафеталық лабиринт»<br>**Мақсаты:** Ептілік, бағдарлау және уақытпен жарысу қабілетін арттыру.<br>**Шарты:** Балалар кезекпен лабиринттен өтіп, таяқшаны келесі | «Ғарыш сапары»<br>**Мақсаты:** Қиялды, бағыт-бағдар сезімін дамыту.<br>**Шарты:** Балалар «ғарыш кемесі» рөлінде станциялардан өтеді, әр станцияда тапсырма орындайды (секіру, еңбектеу, лақтыру). | «Кодты жеткіз»<br>**Мақсаты:** Жүгіру жылдамдығы мен зейінді дамыту.<br>**Шарты:** Бір бала «код» (қағаз) алып, кедергілерден өтіп командаласына жеткізеді, команда оны әрі қарай жалғастырады | «Мылтықсыз мергендер»<br>**Мақсаты:** Дәлдік, көз мөлшерін және қол бұлшық етін дамыту.<br>**Шарты:** Балалар допты немесе қапты нысанаға дәл тигізеді, әр түрлі қашықтықтан. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | ойыншыға береді. | | | |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру.Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру.Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру.Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру.Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту). | | | | |

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**<u>Қыркүйек айы 2025 жыл 2 апта</u>**

**Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы**

Үйде, топта қарапайым істерді орындауға көмектесу

Үй жануарларына, үй өсімдіктеріне күтім жасау

Өзіне-өзі қызмет көрсету

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 08.09.2025 ж | Сейсенбі 09.09.2025 ж | Сәрсенбі 10.09.2025ж | Бейсенбі 11.09.2025ж | Жұма 12.09.2025ж |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу<br>Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.)<br>Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу<br>Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру<br>Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу)<br>Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау)<br>**Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру**<br>Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу **Күй күмбірі** | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру;<br>әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату;<br>балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру;ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру.<br>**Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру**<br>Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары** | Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік жайлы әңгімелесу «Бағдаршам» мобильді ойыны (Балалар бағдаршамның айналасында тұрады. «Барамыз, барамыз, барамыз» әнінің аудио жазбасы естіледі. Бағдаршам қызыл (жасыл немесе сары) жалаушаны көтереді. Жасыл сигнал түссе балалар шеңбер бойымен жүреді, қызыл түсте тоқтайды, сары түсте қол соғады) | Жұмбақтар Міндеті Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, үнді және ызың дыбыстарды анық айтуды үйрету. Көшелермен шағын үйлер өтеді. Ересектер мен балаларды қала бойына апарады. (Автобус) | «Күз мезгілі» Суреттер құрастыру Міндеті Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту, құрылыс жобасын бірлесіп ойластыру, құрдастар арасында міндеттерді бөлісу, түрлі құрылымдық тәсілдерді қолдану, командамен бірге нәтижеге қол жеткізу, дайын құрылысты талдау. | Еркін ойын: "Кімнің заттары? " (достарының заттарын анықтау) Міндеті үйрету, сөздік қорын байыту. Ойын арқылы қарым-қатынас дағдыларын дамыту. Есту, көру, сөйлеу қабілеттерін арттыру. Қазақ тілінде таза, дұрыс сөйлеп үйрету. 4-5 сөзден тұратын сөйлем айту; сөйлем сөздерін бір-бірімен үйлестір Суретті кітапшаларды бояу, пазлдар, мозайка және т.б | Еркін ойын: Ойын-жаттығу Міндеті құрастыру мүмкіндігін дамыту; «Мынау кім?» «Мынау не?» «Не істейді?» «Қандай?» деген сұрақтардың мағынасын түсіндіру. «Ә», «Ү», «Ы» , «Ұ» дыбыстарының айтылуын үйрету. (Тәрбиеші, күтуші, аспазшы, меңгеруші, жақсы, жұмыс істейді) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| **Ертеңгілік жаттығу** | «Менің Қазақстаным» әнұран тыңдату,бірге орындау,жаттату<br>Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету.<br>Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау.Мақсаты: Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** | | | | |
| **Таңғы ас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Кітаптардан балалардың сұранысы бойынша ертегі, | «Кітаптағы кейіпкер» Топқа ертегі кейіпкерлері | «Менің сүйікті кітабым» Балалармен отбасында оқыған | «Кітап неден жасалған?» балалардың өз ойларын айту, | «Кітаптар жәрмеңкесі» Апта бойы балалардың |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тақпақтар, әңгімелер оқып беру. Сюжеттік бірізділікті сақтай отырып, балалардың мазмұндауын үйрету. **(Көркем әдебиет)** Кітаптарды санау, беттестіру арқылы биіктігі бойынша, қалыңдығы бойынша салысытыру. **(Математика негіздері)** | келеді, балалар сәлемдесіп, қай кейіпкер екенін, қай кітаптан екенін табады. Бірлесіп кейіпкерлер ұсынған ойындарды ойнайды. Кейіпкерлердің кітаптағы сөздерін тауып, жалғасын айтады. **(Тіл дамыту, көркем әдебиет)** | кітаптарын талқылау. Негізгі ойды дұрыс жеткізуге, монологтық ойларын байланыстырып құра білуге үйрету. **(Тіл дамыту)** | тәрбиешінің әңгімесінің жалғасы мен соңын ойдан шығара білуге үйрету. **(Тіл дамыту)** | жасаған кітаптарынан жәрмеңке ұйымдастырып, басқа топтардың балаларын шақырып тамашалату. Кіші топтан келген балаларды кітап жасау шеберханасына шақырып, кітап жасауды үйрету. **(Тіл дамыту)** |
| **Кестеге сәйкес ҰІӘ** | **Тіл дамыту** Ұқсас дауыссыз дыбыстар (б–п, г–ғ) **Мақсат:** Б–п, г–ғ дыбыстарын | **Көркем әдебиет** Кітап – білім бұлағы **Мақсат:** Балаларды кітаппен | **Математика негіздері** Жиын мен бөлік **Кіріспе:** балаларды көрсету: «Бүкіл топ – жиын. Ал ұлдар бөлігі, қыздар | **Қазақ тілі** Сөздік қорды байыту (санамақ, тақпақ, жұмбақ) **Мақсат:** Санамақ, тақпақ, жұмбақтар арқылы | **Математика негіздері** Жиынды бөліктерге бөлу және қайта біріктіру **Кіріспе:** Бір қорап |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ажыратып айтуға үйрету.<br>Дыбыстарды сөздің басында, ортасында, соңында дұрыс айту.<br>**Тапсырмалар:**<br>«Тыңда да тап» ойыны: тәрбиеші сөзді айтады, балалар қай дыбысты естігенін атайды.<br>«Сөз ойла» – берілген дыбыстан басталатын сөздер табу.<br>**Сауат ашу негіздері**<br>Дыбысты ажырату<br>**Мақсат:**<br>Сөздегі бірінші дыбысты ажырата білу. | таныстыру, кітаптың құрылысы мен безендірілуін түсіндіру.<br>Кітапты күтіп ұстауға үйрету.<br>**Тапсырмалар:**<br>«Кітапхана қонағы» – түрлі кітаптарды көрсету, беттерін ашып безендірілуін қарау.<br>Суреттер бойынша шағын әңгіме құрастыру.<br><br>**Сауат ашу**<br>Геометриялық фигураларды бояу | бөлігі».<br>**Мақсат:**<br>Жиын бөліктен үлкен, бөлік жиыннан кіші екенін түсіндіру.<br>**Ойын-жаттығулар:**<br>«Қыздар–ұлдар» ойыны.<br>«Ормандағы аңдар» – ормандағы жануарларды бөлу (қояндар бөлігі, аюлар бөлігі).<br><br>**Сауат ашу негіздері**<br>Сөз бен дыбысты салыстыру<br>**Мақсат:**<br>Сөз дыбыстардан құралатынын нақтылау.<br>**Тапсырма:** «Не естідің?» ойыны. | сөздік қорды кеңейту.<br>Балаларды айтыс өнерінің қарапайым үлгілеріне баулу.<br>**Тапсырмалар:**<br>Санамақ ойыны («Бір дегенім – білеу, екі дегенім – егеу…»).<br>Жұмбақ шешу («Көзі бар, өзі жоқ» – ине).<br><br>**Көркем әдебиет**<br>Ертегілер еліне саяхат<br>**Мақсат:**<br>Халық ертегілерін тыңдату арқылы балалардың қиялын дамыту.<br>Жақсылық пен жамандықты ажыратуға баулу.<br>**Тапсырмалар:**<br>«Шалқан» ертегісін сахналау.<br>«Кейіпкерді тап» | қарындашты көрсету.<br>«Қарындаштар жиыны. Оны қалай бөлуге болады?»<br>**Негізгі бөлім:**<br>Жиынды бөліктерге бөлуге болады (мысалы: қызылдар бөлігі, жасылдар бөлігі).<br>Бөліктерді қайтадан біріктіргенде, бүтін шығады.<br>**Ойын-жаттығулар:**<br>«Жемістерді бөл» – алма бөлігі, алмұрт бөлігі.<br>«Бөліктерді қос» – бөліктерді қайта жинап, бір жиын жасау.<br>**Қорытынды:** Бүтін жиын үлкен, бөлік – оның |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Тапсырма:** «Қай дыбыстан басталды?» ойыны.<br>5-<br>сабақ. Жиектерді салу<br>**Мақсат:** Дәптердің жиектерін сызып үйрену.<br>**Тапсырма:** «Қоршауды сал» – парақтың шетіне әдемі жиек сызық салу.<br><br>**Дене тәрбиесі**<br>Қолды кезек жоғары-артқа көтеру<br>**Жаттығулар:** Қолды кезекпен жоғары-артқа көтеру.<br>Қолды алға | **Мақсат:** Шеңбер, үшбұрыш, төртбұрышты бояу.<br>**Тапсырма:** « Фигураларды бояу» – сызықтан шықпай.<br><br>**Дене тәрбиесі**<br>Жүру тәсілдері<br>**Негізгі қимыл:** аяқтың ішкі және сыртқы қырымен жүру, қосалқы қадаммен жүру.<br>**Жаттығулар:** қолды жоғары көтеріп, жанға жайып жүру.<br>**Ойын:** «Жолдан тайма» – | **Дене тәрбиесі**<br>Қозғалысты бағыттау<br>**Негізгі қимыл:** белгі бойынша басқа бағытқа бұрылып жүру.<br>**Музыкалық қимыл:** ырғақты жүріс пен қимылдарды музыка әуенімен үйлестіру.<br>**Ойын:** «Жел мен ағаш» – белгі бойынша бір топ қозғалады, екіншісі қозғалысын өзгертеді.<br><br>**Тіл дамыту**<br>К–қ, ж–ш дыбыстары<br>**Мақсат:** | ойыны – суреттен кейіпкерді таңдау.<br><br>**Математика негіздері**<br>Жиын бөліктерін санау, салыстыру<br>**Кіріспе:** Екі себеттегі алмаларды көрсету: «Қай себетте көп? Қай себетте аз?»<br>**Мақсат:** Жиын бөліктерін санау.<br>Көбірек–азырақ ұғымдарын бекіту.<br>**Ойын-жаттығулар:** «Көбірек–азырақ» ойыны.<br>«Кім жылдам санайды?»<br><br>**Музыка**<br><br>Би қимылдары<br>**Мақсат:** | кішкене бөлігі.<br><br>**Қазақ тілі**<br>Тілдің грамматикалық құрылымы (сөздерді жіктеу, тәуелдеу, септеу)<br>**Мақсат:** Сөздерді дұрыс қолдану дағдысын қалыптастыру.<br>Хабарлы, сұраулы, лепті сөйлемдерді ажырату.<br>**Тапсырмалар:** «Сөйлемді толықтыр» ойыны.<br>Интонациямен сөйлеу жаттығулары.<br><br>**Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>Менің балабақшам |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | созып, шеңбер сызу.<br>**Негізгі қимыл:** сапта жүру (екеуден, үшеуден), кедергіден секіріп өту.<br>**Музыкалық қимыл:** таныс жаттығуларды музыка әуенімен орындау.<br>**Ойын:** «Қуыр-қуыр, қуырмаш» ұлттық ойыны.<br><br><br><br>**Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>Үйім – менің шаңырағым<br>**Мақсат:**<br>Үй ұғымын түсіндіру. | жіпті баспай жүру. | К–қ, ж–ш дыбыстарының айырмашылығын түсіндіру.<br>Дыбыстарды дұрыс дыбыстауға жаттықтыру.<br>**Тапсырмалар:**<br>«Кім тез?» ойыны – суретке қарап, қатаң және ұяң дыбыстарды табу.<br>Жаңылтпаш айту: «Қамқор қоян қамыс қиды».<br><br>**Мүсіндеу**<br>**Жапсыру**<br>**Сурет салу**<br>Құрастыру<br>«Менің сүйікті жануарым»<br>**Сурет салу:** Қарапайым бейнелеу тәсілімен мысықтың немесе иттің суретін салу. | Би қимылдарының қарапайым элементтерін меңгеру.<br>Қозғалысты әуенге сәйкестендіру.<br>**Тапсырмалар:**<br>Қазақ биінің қарапайым қимылдарын орындау.<br>Әуенге сәйкес орын ауыстыру. | **Мақсат:**<br>Балабақшадағы достық пен тәртіпті түсіну.<br>Ережелерді сақтау дағдысын қалыптастыру.<br>**Тапсырмалар:**<br>«Балабақшада не істейміз?» сурет бойынша әңгіме.<br>«Кім қайда барады?» ойыны – ойыншықтарды топ бөлмесіне орналастыру.<br><br><br>**Музыка**<br>Музыкалық аспаптарда ойнау<br>**Мақсат:**<br>Балаларды музыкалық аспаптармен таныстыру (даңғыра, сыбызғы, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Үйдегі тәртіп пен қамқорлық туралы әңгімелеу.<br>**Тапсырмалар:**<br>Үй суретін бояу (шатыр, терезе, есік).<br>«Қай бөлмеде не бар?» ойыны. | | **Мүсіндеу:** Сазбалшықтан кішкентай жануар мүсінін жасау.<br>**Жапсыру:** Қағаздан қиып алынған сүйек немесе ойыншықты жануар бейнесінің қасына жапсыру.<br>**Құрастыру:** Құрылыс бөлшектерінен жануарға үйшігін (қора, ұя) құрастыру. | | асатаяқ, барабан). Ырғақты қарапайым аспапта орындау.<br>**Тапсырмалар:**<br>«Әуенді қайтала» – тәрбиеші соққан ырғақты балалар қайталайды.<br>Шағын топпен бірге ойнау. |
| **Серуенге дайындық** | Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру **өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту**<br>Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету<br>**Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |
| **Серуен** | **Қыркүйек айына арналған серуен картотека жинағы қосымша жасақталған** | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (**дербес қимыл әрекеті).** | | | | |

| | |
|---|---|
| | |
| **Түскі ас** | Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу»<br>Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**<br>Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу.<br>Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау.<br>Тамақты отырып, асықпай жеу.Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау.<br>Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту.<br>**Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** |
| **Күндізгі ұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)** |
| **Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары** | **Біртіндеп ояту:** Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. **Сауықтыру жаттығулары:** Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). **Өзіне-өзі қызмет ету:** Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ моториканы дамыту). **Мәдени-гигиеналық дағдылар:** Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу). |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Бесін ас** | Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету,балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | Ойыншық жемістерді көрсету. Көлемі,түсідәмі қандай сұрау. Осындай жемістер жасаймыз деп сазбалшықты алақан арасында домалақтау әдісін қайталап пысықтау**(Мүсін деу)** фламастерлер беріп осындай жемістердің суретін салуға болады деп | Кітаптар қарап ата апа, ана әке, аға, әпке сөздерін айтуын пысықтау. **(Тіл дамыту және көркем әдебиет)**<br><br>**Қуыршақ театры** «Бауырсақ» ертегісімен таныстыру. **Сазбалшық** Сазбалшықпен ойындар | Ойыншық жемістерді көрсету. Көлемі,түсідәмі қандай сұрау. Осындай жемістер жасаймыз деп сазбалшықты алақан арасында домалақтау әдісін үйретуді жалғастыру. **(Мүсіндеу)**<br><br>**Көлеңке театры** «Бауырсақ» ертегісімен таныстыру.<br><br>**Құм терапиясы** | Кітаптардан көліктердің суреттерін көрсету. Көліктің дыбысын салуды үйрету. **(Қоршаған әлеммен таныстыру)** Жаңбырдың суреттерін көрсету.Сұқ саусақтарын бояуға тигізіп, қағазға таңба қылып басып, жаңбыр тамшыларын салдырту. **(Сурет салу)** **Қуыршақ театры** «Бауырсақ» ертегісімен | Балаларға мысықты көрсетеді ол далада жүріп табаны лас бопты енді еденде жүргенде және қағазға аяғын басқанда іздері қалыпты деп қағаз бетіндегі іздермен таныстыру. Сосын сұқ саусақпен дақтар түсіру арқылы мысықтың ізін қағаз бетіне салуды үйрету Бояуды дұрыс пайдалануға жаттықтыру. **(Сурет салу)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | көрсетіп үйрету **(сурет салу)**<br><br>**Саусақ театры** «Бауырсақ» ертегісімен таныстыру. | | Түрлі-түсті құмдармен еркін ойнау. | таныстыру.<br>**Құрылыс ойындары** Конструкторлармен ойындар | **Үстел үсті театры** «Бауырсақ» ертегісімен таныстыру.<br><br>**Саусақ ойындары** Дидактикалық ойындармен еркі ойындар |
| **Балалармен жеке жұмыс** | «Күзгі жапырақтар» Қылқаламды дұрыс ұстауға үйрету.<br>Бір бағытта бояу. | «Менің сүйікті ойыншығым» Баламен әңгіме.<br>«Ойыншық қандай?» сұрағына жауап. | Қимыл-қозғалыс **Ойын:** «Қояндар секіреді»<br>Секіру қимылдарын орындау.<br>Жылдамдықты дамыту. | «Алма мүсіндеу» Ермексазды ширату, домалақтау.<br>Алманың түсі мен пішінін айту. | Терезе мен есік» Қағаздан тіктөртбұрыш қиып алу.<br>Үй суретіне жапсыру. |
| **Серуенге дайындық** | Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру.<br>Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру.<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**Тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**).<br>Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету<br>**Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| **Серуен** | «Миссия: Құтқару» **Мақсаты:** Стратегиялық ойлау, төзімділік пен командалық жұмыс дағдыларын дамыту. **Шарты:** Балалар екі командаға бөлінеді. «Зардап шеккендерді» (ойыншықтар) картада көрсетілген жолмен кедергілерден өтіп құтқару керек. | «Су тасушылар» **Мақсаты:** Төзімділік пен тепе-теңдікті дамыту. **Шарты:** Ыдыстағы суды төкпей, белгіленген қашықтықтан әкелу. | «Құпия көпір» **Мақсаты:** Тепе-теңдік, дәл қимыл дағдыларын жетілдіру. **Шарты:** Балалар жіңішке жолмен (арқан, тақтай) өтіп, «құлап кетпей» қарсы бетке жетеді. | «Командалық футбол» **Мақсаты:** Ұжымдық әрекет, қозғалыс үйлесімділігін арттыру. **Шарты:** Қысқа матч, әр командада 4–5 ойыншы, уақыт шектеулі. | «Картамен қазына табу» **Мақсаты:** Бағдарлау, топтық келісім және жоспар құру қабілетін дамыту. **Шарты:** Карта бойынша «қазынаны» (доп, қап) табу. |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** | | | | |

| | |
|---|---|
| **Балалардың үйге қайтуы** | Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру.Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру.Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру.Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру.Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту). |

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**<u>Қыркүйек айы 2025 жыл 3 апта</u>**

**Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы**

Үйде, топта қарапайым істерді орындауға көмектесу

Үй жануарларына, үй өсімдіктеріне күтім жасау
Өзіне-өзі қызмет көрсету

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 15.09.2025 ж | Сейсенбі 16.09.2025 ж | Сәрсенбі 17.09.2025ж | Бейсенбі 18.09.2025ж | Жұма 19.09.2025ж |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу<br>Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.)<br>Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу<br>Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру<br>Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу)<br>Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау)<br>**Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру**<br>Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу **Күй күмбірі** | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру;<br>әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату;<br>балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру;ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру.<br>**Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру**<br>Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары** | «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» Балалар екі топқа бөлінеді. «Бір, екі, үш!» деген белгімен екі топ арқанды өзіне қарай тартады. Қай топ белгіні өз жағына шығарса – сол жеңімпаз. **Бір тұтас тәрбие** | Дид ойын: «Дыбысынан таны» Міндеті:: Есту қабілеттерін дамыту. **Музыка** | Дид ойын: «Сәйкестендіріп жина» ойыны Міндеті: түстеріне қарай ажырату **Математика негіздері** | Дид ойын: «Пирамида жинау» ойыны Міндеті: көлемін ажырату **Математика негіздері** | Дид ойын: «Бөліктерді құрастыр» ойыны Міндеті: қиынды суреттермен құрастыруды үйрету **Құрастыру** |
| **Ертеңгілік жаттығу** | «Менің Қазақстаным» әнұран тыңдату,бірге орындау,жаттату Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету. Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау.Мақсаты: Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету. **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** | | | | |
| **Таңғы ас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | «Амандасу әдебі»<br>Мақсаты: Құрбыларымен «Қалың қалай досым? сұрақтары аясында диалог құра алуға машықтандыру, байланыстырып сөйлеуге үйрету.<br>**Тіл дамыту** | Қауіпсіздік ережелері.<br>Жол қауіпсіздігі ережелерін сақтау. Жол белгілерін бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту. сақтау. «Балалар», «Трамвай аялдамасы», «Автобус аялдамасы» жол белгілерімен таныстыру<br>**Бір тұтас тәрбие** | «Кім көп сөз біледі?»<br>Мақсаты: балаларды шапшаңдыққа, дұрыс сөйлеуге үйрету<br><br>Балалардың еркін әрекеттері<br>**Тіл дамыту** | «Күзгі жапырақ» тақпақ<br>Қыстың жақын қалғанын,<br>Жапырақтар сезгендей.<br>Желмен ұшып барады,<br>Жерге қонып үлгермей<br>Мақсаты: Балалардың тілдерін дамыту арқылы, сөздік қорын дамыту.<br>Ойын: «Аю жүрген орманда».<br>Мақсаты: Қимыл қозғалысын дамыту<br>**Көркем әдебиет,Дене тәрбиесі** | Тәрбиеші балаларға екі бірдей өсімдікті көрсетеді.<br>Біреуіне күнде су құямыз;<br>Екіншісіне су құймаймыз.<br>Балалармен бірге бірнеше күн бойы бақылау жүргізіледі:<br>Су құйылған өсімдік жасыл, сергек болып өседі;<br>Су құйылмаған өсімдік сола бастайды.<br>Әр күннің өзгерісін сурет арқылы немесе әңгімелету арқылы белгілейді. |

| | | | | | Экологиялық тәрбие |
|---|---|---|---|---|---|
| **Кестеге сәйкес ҰІӘ** | **Тіл дамыту**<br>З–с, н–ң дыбыстары<br>**Мақсат:**<br>З–с, н–ң дыбыстарын салыстыру. Мұрын жолды дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.<br>**Тапсырмалар:**<br>«Қайсысын естідің?» ойыны. Сурет бойынша сөз құрастыру (зебра, сағат, нан, таң).<br><br>**Сауат ашу негіздері**<br>Штрихтау | **Көркем әдебиет**<br>Фольклор әлемі: жаңылтпаш, жұмбақ, мақал-мәтелдер<br>**Мақсат:**<br>Балалардың тілін дамыту. Халық даналығын таныстыру.<br>**Тапсырмалар:**<br>Жұмбақ шешу (алма, күн, ай). Жаңылтпаш жаттау («Қап-қара қапта қап-қара мысық бар»). | **Математика негіздері**<br>«Бір» ұғымы<br>**Кіріспе:** Бір ойыншықты қолына ұстап, «Бұл нешеу?» деп сұрау. Кейін бірнеше ойыншықты көрсету.<br>**Мақсат:**<br>«Бір» ұғымын түсіндіру.<br>Бір зат пен бірнеше затты ажырата білу.<br>**Ойын-жаттығулар:**<br>«Біреуін тап» – суреттен тек бір затты табу.<br>«Қанша көрдің?» – тәрбиеші бір затты көрсетіп, кейін | **Қазақ тілі**<br>Байланыстырып сөйлеу (диалог құру)<br>**Мақсат:**<br>Балаларды диалогке қатысуға, сұрақ қоюға, жауап беруге үйрету.<br>Әңгімелесушіні тыңдауға баулу.<br>**Тапсырмалар:**<br>«Досыммен әңгіме» – екі баланың шағын сұхбаты.<br>«Менің сүйікті ойыным» тақырыбында әңгіме.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>Кітаптағы суреттер<br>**Мақсат:**<br>Балалардың назарын кітаптың | **Математика негіздері**<br>Жиын мен бөлік. Салыстыру<br>**Кіріспе:** Балаларға екі себеттегі алмаларды көрсету. «Қай себетте көп, қай себетте аз?»<br>**Негізгі бөлім:**<br>Жиын бөліктен үлкен, бөлік жиыннан кіші.<br>Жиын бөліктерін санау.<br>**Ойын-жаттығулар:**<br>«Сана да салыстыр» – әр бөлік элементтерін санау.<br>«Кім көп?» – қай бөлікте зат көп |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Мақсат:** Жіңішке сызықтар арқылы суретті толықтыру.<br>**Тапсырма:** «Шөпті сал» – төменнен жоғары штрихтау.<br><br>**Дене тәрбиесі**<br>Секіру жаттығулары<br>**Негізгі қимыл:** секіргіштен аттап жүру, жіптен секіру.<br>**Жаттығулар:** қолды сермеу, тепе-теңдік сақтау.<br>**Ойын:** «Қояндар секірісі» – жарыс элементімен.<br><br>**Қоршаған** | **Сауат ашу**<br>Дыбысты сөз ішінде табу<br>**Мақсат:** Берілген дыбысты сөз ішінде таба білу.<br>**Тапсырма:** «Сиқырлы дыбыс» ойыны.<br><br>**Дене тәрбиесі**<br>Қол және иықты күшейту<br>**Жаттығулар:** қолды жан-жаққа сермеу, иықты айналдыру.<br>**Негізгі қимыл:** заттар | жасырып қояды. Балалар санына жауап береді.<br><br>**Сауат ашу негіздері**<br>Жеміс-жидектерді бояу<br>**Мақсат:** Алма, алмұрт суретін сызықтан шықпай бояу.<br>**Тапсырма:** «Алма бақшасы» суретін бояу.<br><br>**Дене тәрбиесі**<br>Ырғақты қозғалыс<br>**Музыкалық қимыл:** таныс жаттығуларды әуенге қосылып орындау.<br>**Негізгі қимыл:** әртүрлі қарқында жүру, | безендірілуіне, иллюстрацияларына аудару.<br>Сурет арқылы мазмұнын түсінуге үйрету.<br>**Тапсырмалар:** «Қай ертегі?» – сурет бойынша ертегіні табу.<br>«Суреттен әңгіме құрастыр» ойыны.<br><br>**Математика негіздері**<br>Біреу және көп<br>**Кіріспе:** Суреттен бір алма мен көп алманы көрсету. «Біреу қайсысы? Көбі қайсысы?»<br>**Мақсат:** Біреу мен көпті ажырата білу.<br>**Ойын-жаттығулар:** «Біреуін көрсет» – бір бала тақтаға шығып, | екенін анықтау.<br>**Қорытынды:** Жиын үлкен, бөлік кіші; санау арқылы салыстыруға болады.<br><br>**Қазақ тілі**<br>Өз ойын сөйлеммен жеткізу<br>**Мақсат:** Балаларды жайылма сөйлемдер құрастыруға үйрету.<br>Сөздерді дұрыс байланыстыру.<br>**Тапсырмалар:** Сурет бойынша 2–3 сөйлемнен әңгіме құрастыру.<br>«Сөйлемді жалғастыр» ойыны (тәрбиеші бастайды, бала |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенге дайындық** | Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру.<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**).<br>Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету<br>**Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |
| **Серуен** | «Бағытты өзгерту»<br>**Шарты:** Белгі бойынша оңға, солға, артқа бұрылып жүгіреді. | «Арқан тартыс»<br>**Шарты:** Екі топ арқанды өз жағына тартып жарысады. | «Қақпан»<br>**Шарты:** Шеңбер жасап тұрған балалар қолдарын түсіріп- көтеріп, ішінен жүгіріп өтетіндерді «қақпанға» түсіреді. | «Көктемгі жарыс»<br>**Шарты:** Жүгіру, секіру, лақтыру элементтері бар шағын командалық жарыс ұйымдастырылады. | |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** | | | | |

| | |
|---|---|
| **Балалардың үйге қайтуы** | Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру.Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру.Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру.Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру.Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту) **Өнегелі 15 минут** |

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**
**<u>Мамыр айы 2026  жыл 1  апта</u>**

**Мамыр – бірлік және ынтымақ айы.**
Отбасында, балабақшада қауіпсіз мінез-құлық нормаларын білу
Басқа балалармен сөйлесуге және олармен ортақ тіл табуға дайын болу
Ойы мен сезімдерін білдіре алу қабілетінің болуы

| **Күн тәртібі** | **Дүйсенбі 04.05.2026 ж** | **Сейсенбі 05.05.2026 ж** | **Сәрсенбі 06.05.2026 ж** | **Бейсенбі** | **Жұма 08.05.2026 ж** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу<br>Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.) | | | | |

<table>
<tr>
<td></td>
<td colspan="5">Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу<br>Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру<br>Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу)<br>Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау)<br>Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру<br>Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу Күй күмбірі</td>
</tr>
<tr>
<td>Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру</td>
<td colspan="5">Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру;<br>әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату;<br>балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру;ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру.<br>Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру<br>Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз.<br>Баланың таңғы асын дәруменге бай етіп дайындаңыз.<br>Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз, бұл сенімділік береді.<br>Киімін өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз, бірақ ауа райына сай нұсқалар ұсыныңыз.</td>
</tr>
<tr>
<td>Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары</td>
<td>Адалдық – «Адал бала» Ерте кәсіптік бағыт беру<br>Рөлдер: бала, тәрбиеші, дос<br>Шарты: Бір бала ойыншық тауып алады. Ол оны</td>
<td>Қаржылық сауаттылық – «Дүкен» Ерте кәсіптік бағыт беру<br><br>Рөлдер: сатушы, сатып алушы, кассир<br>Шарты: Балалар ойыншық</td>
<td>Құқықтық сауаттылық – «Менің құқығым» Ерте кәсіптік бағыт беру<br><br>Рөлдер: бала, ата-ана, тәрбиеші<br>Шарты: Әртүрлі жағдайлар беріледі:<br>– ойнауға құқық</td>
<td></td>
<td>Біртұтас тәрбие – «Достық әлемі» Ерте кәсіптік бағыт беру<br><br>Рөлдер: достар, топ мүшелері<br>Шарты: Балалар бірге ойын ойнайды, бір-біріне көмектеседі,</td>
</tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жасырып қалуы немесе иесіне қайтаруы керек. Басқа балалар иесін ойнайды. Балалар жағдайды сахналайды:<br>– «Бұл менікі емес»<br>– «Мен оны тауып алдым»<br>– «Иесіне беремін» | ақшамен сауда жасайды. Бағасын сұрайды, төлейді, қайтарым алады.<br>– «Бұл қанша тұрады?»<br>– «Міне, ақша»<br>– «Сіздің қайтарымыңыз» | – демалуға құқық<br>– білім алуға құқық<br>Балалар өз құқықтарын айтып, қорғайды. | | ренжіспей мәселені шешеді.<br>– «Кел, бірге ойнайық»<br>– «Мен саған көмектесемін» |
| **Ертеңгілік жаттығу** | «Менің Қазақстаным» әнұран тыңдату,бірге орындау,жаттату<br>Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету.<br>Мамыр айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау.**Міндеті:** Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Таңғы ас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру<br>Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері<br>**Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |
| **Кестеге сәйкес ҰІӘ** | **Тіл дамыту**<br>**Тақырыбы: «Достық – біздің байлығымыз»**<br>**Міндеті:** Балаларды достық, бірлік туралы түсінікке баулу, | **Көркем әдебиет**<br>**«Достық туралы ертегі»**<br>**Міндеті:** Балаларды достық тақырыбында сюжетті өз бетінше таңдауға, кейіпкерлер образын құрастыруға үйрету | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: «Сандар әлеміне саяхат»**<br>**Міндеті:** Балалардың сандар туралы білімін кеңейту, санау дағдыларын дамыту, оқу әрекетіне қызығушылық | **Қазақ тілі**<br>**Тақырыбы: «Жақсы сөз – жанға қуат»**<br>Балаларды қоршаған ортаға өз қарым-қатынасын білдіруге үйрету. Мақал-мәтелдер мен көркем сөздерді қолдануға ынталандыру. Жақсы сөздің маңызын түсіндіру арқылы | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: «Пішіндерді танимыз»**<br>**Міндеті:** Геометриялық фигураларды танып, оларды зерттеу арқылы бақылау қабілетін дамыту<br>**Математикалық** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сөйлеуде интонациялық мәнерлілікті дамыту, дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді дұрыс қолдануға үйрету **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:** Дауыс ырғағын өзгертіп айту, логикалық үзілістер жасау, сөйлем соңындағы интонацияны дұрыс қою **Сөздік қор:** Дос, татулық, | **Көркем әдебиет дағдылары:** Ертегі мазмұнын түсіну, кейіпкерлерді сипаттау, образды жеткізу **Әдіс-тәсілдер:** Әңгімелеу, сұрақ-жауап, шығармашылық жұмыс **Технологиялар:** Дамыта оқыту, ойын технологиясы, шығармашылық әдіс **Тапсырмалар:** Балалар өз ертегісінің кейіпкерлерін ойлап табады. Достық туралы қысқа әңгіме құрастырады **Ойын:** «Ертегіні | қалыптастыру **Математикалық дағдылар:** 1–10 дейін санау, кері санау **Әдіс-тәсілдер:** Түсіндіру, сұрақ-жауап, бақылау **Технологиялар:** Дамыта оқыту, ойын технологиясы **Тапсырмалар:** Заттарды санау. Сан мен затты сәйкестендіру **Ойын:** «Санды тап» **Ойын шарты:** Тәрбиеші сан айтады, балалар сәйкес зат санын көрсетеді **Сауат ашу негіздері** **«Бояймыз және бастырамыз»** | мейірімділікке, достыққа тәрбиелеу. **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті** Қазақ тіліне тән ә, ө, ү дыбыстарын дұрыс және анық айтуға жаттықтыру. Дыбыстарды сөз ішінде дұрыс қолданып, сөйлеу барысында анық жеткізуге үйрету. Тыныс алуды сақтай отырып, мәнерлеп сөйлеу дағдыларын қалыптастыру. **Сөздік қор** Достық, мейірімділік туралы мақал-мәтелдерді жаттау арқылы сөздік қорын байыту. Жаңа сөздердің мағынасын түсініп, күнделікті сөйлеуде қолдануға | **дағдылар:** Дөңгелек, шаршы, үшбұрышты ажырату **Әдіс-тәсілдер:** Көрсету, зерттеу **Технологиялар:** Зерттеу технологиясы **Тапсырмалар:** Пішіндерді атау, салыстыру **Ойын:** «Пішінді тап» **Ойын шарты:** Балалар берілген пішінді тауып көрсетеді **Қазақ тілі** **Дыбыстарды дұрыс айтамыз»** Балалардың артикуляциялық аппаратын дамыту, қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс және анық айтуға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | мейірімді, қамқор, адал **Тілдің грамматикалық құрылымы:** Хабарлы, сұраулы, лепті сөйлемдерді ажыратып, қолдану **Байланыстырып сөйлеу:** Сын есімдерді пайдаланып сөйлем құрастыру **Әдіс-тәсілдер:** Әңгімелеу, сұрақ-жауап, көрнекілік, қайталау **Технологиялар:** Дамыта | жалғастыр» **Ойын шарты:** Тәрбиеші ертегінің басын бастайды, балалар кезекпен жалғастырып, сюжетті өздері дамытады **Сауат ашу** **«Жазу жолымен танысамыз»** **Міндеті:** Жазу парағында бағдарлай білуге, жол мен жоларалық кеңістікті ажыратуға үйрету **Сауат ашу дағдылары:** Жолды сақтау, дұрыс бағытта жазу **Әдіс-тәсілдер:** Көрсету, түсіндіру, жаттықтыру | **Міндеті:** Суреттерді шетке шығармай бастыру және бояу дағдыларын қалыптастыру **Сауат ашу дағдылары:** Қолдың ұсақ моторикасын дамыту **Әдіс-тәсілдер:** Көрсету, практикалық жұмыс **Технологиялар:** Ойын технологиясы **Тапсырмалар:** Жемістер мен көкөністерді бастыру, бояу **Ойын:** «Түсті дұрыс таңда» **Ойын шарты:** Балалар заттың табиғи түсін дұрыс таңдап бояйды | дағдыландыру. Көркем сөздерді дұрыс әрі орынды қолдануға үйрету. **Тілдің грамматикалық құрылымы** Хабарлы сөйлемдер құрастыруға үйрету. Сөздерді дұрыс байланыстырып, толық және түсінікті сөйлем айту дағдыларын қалыптастыру. **Байланыстырып сөйлеу** Ойыншықты сипаттау арқылы балалардың байланыстырып сөйлеу қабілетін дамыту. Сын есімдерді (үлкен, әдемі, жұмсақ, түрлі-түсті) қолдана отырып, заттың қасиеттерін айтуға | дағдыландыру. Сөйлеу кезінде дыбыстарды анық, дұрыс қолдануға үйрету. **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті** Ә, ө, қ, ғ дыбыстарын дұрыс айтуға жаттықтыру. Бұл дыбыстарды буында, сөзде және сөйлем ішінде анық айту дағдыларын қалыптастыру. Тіл, ерін, жақ жаттығулары арқылы дыбыстардың дұрыс айтылуын жетілдіру. **Сөздік қор** Жаңылтпаштар мен санамақтарды жаттау арқылы балалардың сөздік |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | оқыту, ойын технологиясы, коммуникативтік әдіс<br>**Тапсырмалар:** Дос туралы әңгіме құрастыру. «Дос қандай?» сұрағына жауап беру. Сөйлем түрлерін ажырату<br>**Ойын:** «Жақсы сөз айт»<br>**Ойын шарты:** Балалар шеңберге тұрып, бір-біріне жылы, жағымды сөздер айтып, досын | **Технологиялар:** Дамыта оқыту<br>**Тапсырмалар:** Түзу және қисық сызықтарды жол бойымен жүргізу<br>**Ойын:** «Жолдан шықпа»<br>**Ойын шарты:** Балалар сызықты дәл жолдың ішінде жүргізеді<br>Дене тәрбиесі<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар**<br>Қолды желкеге қойып, жоғары созу арқылы иық пен арқа бұлшықеттерін дамыту. Оңға және солға жанға бұрылу арқылы дене икемділігін арттыру. Аяқпен | Дене тәрбиесі<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар**<br>Қолды жоғары-артқа көтеру арқылы иық пен арқа бұлшықеттерін дамыту. Денені оңға және солға бұру арқылы икемділікті арттыру. Еңбектеу жаттығулары арқылы жалпы дене координациясын жақсарту. Жаттығуларды бірқалыпты орындап, дұрыс тыныс алуға көңіл бөлу.<br>**Негізгі қимылдар**<br>Жұппен орындалатын іш бұлшықеттерін | үйрету.<br>**Әдіс-тәсілдер**<br>Әңгімелеу, жаттау, сұрақ-жауап, диалог, үлгі көрсету әдістерін қолдану. Балалардың белсенді қатысуына жағдай жасау.<br>**Тапсырмалар**<br>Мақал-мәтелдерді жатқа айту және мағынасын түсіндіру. Ойыншықты сипаттап, оның түсін, пішінін, көлемін және қандай екенін айтып беру. Қарапайым сөйлемдер құрастыру.<br>**Ойын: «Жылы сөз айт»**<br>Балалар шеңберге тұрып, кезекпен бір-біріне жылы, жақсы сөздер айтады. Әр бала сол сөзді қатыстырып сөйлем құрайды. Ойын | қорын байыту.<br>Жаңа сөздерді дұрыс айтуға және есте сақтауға үйрету.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы**<br>Сұраулы сөйлемдер құрастыруға үйрету. «Кім?», «Не?», «Қайда?», «Қандай?» сияқты сұрақтарды дұрыс қою және қолдану дағдыларын дамыту.<br>**Байланыстырып сөйлеу**<br>Қарапайым сұрақтарға толық әрі түсінікті жауап беруге үйрету. Сөйлемді толық құрап айту дағдыларын қалыптастыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сипаттайды<br>**Сауат ашу негіздері**<br>**Тақырыбы: «Дыбыстар әлемі»**<br>**Міндеті:** Сөз дегі дыбыстардың ретін анықтауға, дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажыратуға үйрету<br>**Сауат ашу дағдылары:** Дыбыстық талдау, дыбыстарды дұрыс айту<br>**Әдіс-тәсілдер:** Түс індіру, қайталау, | ұсақ заттарды жылжыту арқылы табан бұлшықеттерін нығайту. Жаттығуларды бірқалыпты орындап, тыныс алуды дұрыс үйлестіру.<br>**Негізгі қимылдар**<br>Гимнастикалық қабырғада тартылу арқылы қол мен арқа бұлшықеттерін күшейту. Аяқты жоғары көтеру арқылы іш бұлшықеттерін дамыту. Отырып еңкею жаттығулары арқылы аяқ және бел бұлшықеттерінің | дамыту жаттығулары арқылы күш пен төзімділікті қалыптастыру. Аяқ ұшымен орындалатын жаттығулар арқылы табан мен балтыр бұлшықеттерін нығайту. Қимылдарды дәл және қауіпсіз орындауға дағдыландыру.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар**<br>Адымдап жүру арқылы қозғалыс үйлесімділігін дамыту. Музыка ырғағына сәйкес жүру қарқынын өзгертіп, ырғақты сезіну қабілетін жетілдіру. | барысында балалардың бір-біріне деген жағымды қарым-қатынасы қалыптасады және сөйлеу дағдылары дамиды.<br>**Көркем әдебиет**<br>**«Дос бейнесін сомдау»**<br>**Міндеті:** Балаларды белгілі образды түрлендіріп, өз қиялымен өзгертуге үйрету<br>**Көркем әдебиет дағдылары:** Кейіпке рдің мінезін, іс-әрекетін сипаттау<br>**Әдіс-тәсілдер:** Сипаттау, рөлдік ойын, талдау<br>**Технологиялар:** Ком муникативтік, сын тұрғысынан ойлау<br>**Тапсырмалар:** «Мен ің досым қандай?» | **Әдіс-тәсілдер**<br>Қайталау, жаттықтыру, үлгі көрсету, сұрақ-жауап әдістерін қолдану. Балалардың белсенді қатысуына жағдай жасау.<br>**Тапсырмалар**<br>Жаңылтпаштарды анық және дұрыс айту. Берілген дыбыстарды бөліп айтып, сөз ішінде табу. Қарапайым сұрақтарға толық жауап беру.<br>**Ойын: «Қай дыбыс?»**<br>Тәрбиеші сөздерді айтады, ал балалар сол сөздің ішінен белгілі бір дыбысты табады және қай жерде тұрғанын айтады |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сұрақ-жауап **Технологиялар:** Дамыта оқыту, ойын технологиясы **Тапсырмалар:** Қарапайым сөздерді буынға бөлу. Дауысты және дауыссыз дыбыстарды табу **Ойын:** «Дыбысты тап» **Ойын шарты:** Тәрбиеші сөз айтады, балалар сөздегі дауысты немесе дауыссыз дыбысты анықтайды | икемділігін арттыру. Қимылдарды қауіпсіздік ережелерін сақтай отырып орындау. **Музыкалық-ырғақтық қимылдар** Жұппен шеңбер бойымен жүру арқылы қозғалысты үйлестіру және кеңістікті бағдарлау қабілетін дамыту. Музыка ырғағына сәйкес қозғалып, бір-бірімен үйлесімді әрекет етуге үйрену. **Қимылды ойындар** Эстафеталық ойындар арқылы балалардың | **Қимылды ойындар** «Кім жылдам?» ойыны арқылы балалардың жылдамдық, ептілік және зейін қабілеттерін дамыту. Ойын барысында ережені сақтап, бір-бірімен жарыса отырып әрекет етуге үйрету. **Дербес қимыл белсенділігі** Балалардың еркін қозғалуына жағдай жасау. Әртүрлі қимылдарды өздігінен орындап, қозғалыс белсенділігін арттыру. Құрдастарымен бірге ойнап, қарым-қатынас | тақырыбында әңгімелеу. Кейіпкерді өзгертіп айту **Ойын:** «Кейіпкерді тап» **Ойын шарты:** Бір бала кейіпкерді сипаттайды, қалғандары табады<br><br>**Математика негіздері** **Тақырыбы: «Көп – аз – тең»** **Міндеті:** Заттарды салыстыру арқылы талдау жасауға, қорытынды шығаруға үйрету **Математикалық дағдылар:** Салыстыру (көп, аз, тең) **Әдіс-тәсілдер:** Талдау, салыстыру | (басында, ортасында, соңында). Ойын арқылы балалардың дыбысты есту, ажырату қабілеттері дамиды. **Қоршаған әлеммен таныстыру** **«Балабақшадағы тәртіп ережелері»** **Міндеті:** Балабақшадағы міндеттері мен тәртіп ережелерін түсіндіру, оларды саналы түрде орындауға баулу **Әдіс-тәсілдер:** Түсіндіру, әңгіме, бақылау **Технологиялар:** Дамыта оқыту **Тапсырмалар:** Балабақшадағы тәртіп |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Дене Тәрбиесі** **Жалпы дамытушы жаттығулар** Қолды желкеге қойып, саусақтарды айқастырып жоғары көтеру арқылы арқа мен иық бұлшықеттерін дамыту. Қолды кезекпен жоғары-артқа көтеру арқылы иық буындарының икемділігін арттыру. Оңға және солға бұрылу арқылы дене | жылдамдық, ептілік және ұйымшылдық қабілеттерін дамыту. Тапсырмаларды кезекпен орындап, топпен әрекет ету дағдыларын қалыптастыру. **Дербес қимыл белсенділігі** Балалардың топтық ойындарды өздігінен ұйымдастыруына жағдай жасау. Өзара келісіп, ойын ережелерін сақтай отырып, белсенді қимыл-қозғалыс жасау. Тәрбиешінің бақылауымен еркін қозғалыс дағдыларын | дағдыларын дамыту. **Қорытынды бөлім** Жеңіл тыныс алу жаттығулары арқылы ағзаны қалпына келтіру. **Тіл дамыту** **Тақырыбы: «Біз әртүрліміз, бірақ теңбіз»** **Міндеті:** Әртүрлі ұлт өкілдеріне құрметпен қарауға тәрбиелеу, сөздік қорын байыту, байланыстырып сөйлеуді дамыту **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:** Сөйлемдерді анық, мәнерлеп айту, дауыс қарқынын реттеу **Сөздік қор:** Ұлт, достық, бірге, тату, | **Технологиялар:** Сын тұрғысынан ойлау **Тапсырмалар:** Топтағы заттарды салыстыру. Қайсысы көп, аз екенін анықтау **Ойын:** «Қайсысы көп?» **Ойын шарты:** Балалар екі топтағы заттарды салыстырып, жауап береді. **Музыка** **Музыка тыңдау:** Балаларға домбырамен орындалған күй тыңдатылады. Күйдің құрылымына (басталуы, дамуы, аяқталуы) назар аударту. Музыканы тыңдай отырып, балалар өз ойларын жүйелі түрде | ережелерін атау. Өз міндеттерін айту **Ойын:** «Ережені сақта» **Ойын шарты:** Балалар дұрыс әрекетті таңдап көрсетеді **Музыка** **Музыка тыңдау:** Қобызбен орындалған күй тыңдалады. Балалар домбыра мен қобыз үнін салыстырады (дыбыс тембрі, әсері). Музыканы сипаттау үшін сөздік қорын қолдану (мұңды, терең, жұмсақ). **Ән айту:** Әнді динамикалық өзгерістермен орындау (қатты–жай). Әнді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қозғалысын жетілдіру. Аяқ ұшымен ұсақ заттарды жылжыту арқылы табан бұлшықеттерін нығайту. Орнында жеңіл секіру және тыныс алу жаттығулары арқылы ағзаны жаттығуға дайындау. **Негізгі қимылдар** Екі қолмен жерге тіреліп жүру арқылы қол, иық және арқа бұлшықеттерін дамыту. Етпетінен | жетілдіру. **Қорытынды бөлім** Жеңіл тыныс алу жаттығуларын орындау арқылы ағзаны тыныштандыру. балалардың белсенділігі мен қатысуын атап өту. **Мүсіндеу** **Жапсыру** **Сурет салу** **Құрастыру** **Тақырыбы: «Көңілді балабақша»** **Міндеті:** Балалардың қоршаған орта туралы түсініктерін кеңейту, бейнені жеңіл сызықпен салуға, бірнеше әрекетті біріктіріп | бірлік **Тілдің грамматикалық құрылымы:** Сұраулы сөйлемдер құрастыру **Байланыстырып сөйлеу:** Үстеулерді қолдану **Әдіс-тәсілдер:** Түсіндіру, салыстыру, топтық жұмыс **Технологиялар:** Сын тұрғысынан ойлау, коммуникативтік технология **Тапсырмалар:** Сурет бойынша әңгіме құрастыру. Үстеулерді қолданып сөйлем айту **Ойын:** «Кім тез жауап береді?» **Ойын** | жеткізеді: қандай көңіл күй, қандай оқиға елестейді. Күй жанры туралы түсінікті тереңдету. **Ән айту:** Әнді музыкалық талғаммен орындау: дыбыс тазалығын сақтау, тыныс алуды дұрыс қолдану, фразаларға бөліп айту. Әнді өз бетінше бастап көру, бірақ топпен үйлесімді аяқтау. **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** Музыканың бөлімдеріне сәйкес қозғалысты өзгерту (бір бөлім – жай, келесі бөлім – жылдам). Қимылдарды саналы түрде таңдау және | мәнерлеп жеткізуге ерекше көңіл бөлінеді. **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** Музыка өзгергенде қимылды алдын ала сезіп, өзгерту (реакция жылдамдығын дамыту). **Билер:** «Қаражорға» биіндегі қозғалыстарды музыка фразасына сәйкес орындау. **Би шығармашылығы:** Музыкаға сәйкес әр бала жеке қимыл ойлап көрсетеді, топ талқылайды. **Балалардың музыкалық** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | еңбектеу арқылы дене координациясын жақсарту. **Музыкалық-ырғақтық қимылдар** Музыка ырғағына сәйкес түзу бағытта адымдап жүру. Жылдам және баяу қарқында қозғалу арқылы ырғақты сезіну қабілетін дамыту.. **Қимылды ойындар** Ұлттық ойын «Ақсерек-көксерек» | жұмыс жасауға үйрету **Әдіс-тәсілдер:** Әңгімелеу, көрсету, бақылау, практикалық жұмыс **Технологиялар:** Дамыта оқыту, шығармашылық технология **Тапсырмалар:** Балабақша ауласын қарапайым қаламмен сұлбалау. Ауладағы заттарды мүсіндеу. Қағаздан ағаш, гүл қиып жапсыру. Құрастыру элементтерімен толықтыру **Ойын:** «Не | **шарты:** Тәрбиеші сұрақ қояды, балалар тез әрі дұрыс жауап беруге тырысады | орындау. **Билер:** «Қаражорға» биінің негізгі қозғалыстарын талдап үйрену (иық, қол, аяқ үйлесімі). Қозғалыстың дәлдігіне мән беру. **Би шығармашылығы:** Берілген әуенге сәйкес балалар өз қимыл нұсқаларын ұсынады. Бірнеше баланың қозғалысы біріктіріліп шағын комбинация жасалады. **Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау:** Музыкалық қоңыраумен белгілі бір ырғақты дәл қайталау. Ырғақты есту арқылы есте | **аспаптарында ойнау:** Бубенмен күрделірек ырғақтарды орындау (екі түрлі соғу тәсілі). **Ойын:** «Тембрді ажырат» – әртүрлі аспап дыбыстарын тыңдап, сипаттап айту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | арқылы балаларды топқа бөліп, ұйымшылдыққа және жылдамдыққа тәрбиелеу. Ойын барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау.<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>**Тақырыбы: «Жақсы мен жаманды ажыратамыз»**<br>**Міндеті:** Балаларды «жақсы» және «жаман» әрекеттерді ажырата | жетіспейді?»<br>**Ойын шарты:** Балалар композицияны қарап, жетіспейтін бөлікті қосады | | сақтап орындау.<br>**Ойын:** «Музыкалық талдаушы» – балалар күйді тыңдап, оның көңіл күйін, қарқынын, аспабын айтып береді. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | білуге, дұрыс мінез-құлық қалыптастыруға үйрету<br>**Әдіс-тәсілдер:** Әңгімелеу, сұрақ-жауап, талдау<br>**Технологиялар:** Дамыта оқыту, коммуникативтік әдіс<br>**Тапсырмалар:** Әртүрлі жағдайларды талдау. «Бұл дұрыс па, дұрыс емес пе?» сұрағына жауап беру<br>**Ойын:** «Дұрыс немесе бұрыс»<br>**Ойын шарты:** Тәрб | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | иеші әрекеттерді айтады, балалар дұрыс болса қол шапалақтайды, бұрыс болса тыныш тұрады | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Кием шкафтарын тануды қалыптастыру **өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту** Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |
| **Серуен** | **Мамыр айына арналған серуен картотека жинағы қосымша жасақталған** | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (**дербес қимыл әрекеті).** | | | | |

| | |
|---|---|
| **Түскі ас** | Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу»<br>Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**<br>Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу.<br>Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау.<br>Тамақты отырып, асықпай жеу.Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау.<br>Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту.<br>**Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** |
| **Күндізгі ұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)** |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | **Біртіндеп ояту:** Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. **Сауықтыру жаттығулары:** Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). **Өзіне-өзі қызмет ету:** Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ моториканы дамыту). **Мәдени-гигиеналық дағдылар:** Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу). |
| **Бесін ас** | Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету,балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** | | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | Тіл ұстарту.<br>Та-та та- айла толы табиғат<br>Аш-аш-аш-мынаууызынагаш.<br>Ас-ас-ас мынауконыртас<br>У-у-у сылдырлайды су.<br>**(тіл дамыту)** | «Қай жерде тіршілік етеді?<br>Мақсаты: Суреттен жануарлардың тіршілік ететін аймағын айта алады.<br>(сыни ойлау, креатив, бала үні, үдерісті саралау, жаппай бақылау)<br>**(Қоршаған әлеммен таныстыру)** | **«Салт-дәстүрді тап!»**<br>**Мақсаты:** Қазақтың салт-дәстүрлерін таныту, есте сақтау мен байланыстыра сөйлеу дағдысын дамыту.<br>**Қажетті құралдар:** Суретті карточкалар (тұсаукесу, бесікке салу, тілашар, сүндет той, шілдехана т.б.).Балалар шеңберде отырады. Тәрбиеші карточка көрсетіп, мынадай сұрақ қояды:<br>– Бұл қандай дәстүр?<br>– Қай кезде жасалады?<br>– Сен осындай тойда болдың ба?<br>**Түрлендіру:** Балалар өздері рөлге кіріп, кішкене қойылым жасап бере алады. Мысалы, тұсау кесу рәсімін көрсету.**Біртұтас тәрбие** | Жануарларға қалай көмектесеміз?»<br>Мақсаты: Жануарлар туралы білімдерін кеңейтеді, білімдерін жетілдіреді. Суреттер бойынша есте сақтау қабілетін дамытады. Жануарларға қамқорлықпен карауды үйренеді.<br>(Қоршаған әлеммен таныстыру) | **«Орман және дала жануарлары»**<br>**Мақсаты:** суреттерден орманда және далада тіршілік ететін жануарларды табады, оглар туралы әңгімелейді.<br>**(Қоршаған әлеммен таныстыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Қазақ тілі – дыбыстарды дұрыс айту**<br>**Жұмыс:**<br>Балаға «әже, өрік, қоян, гүл, ұя, ілгіш, ғарыш, жаңғақ, һау» сөздерін айтқызу.<br>Айна алдында артикуляция жаттығуын жасату. | **Қазақ тілі – мақал-мәтел қолдану**<br>**Жұмыс:**<br>«Еңбек етсең ерінбей…», «Дос жылатып айтады…» мақалдарын жаттату және мағынасын сұрау. | **Қазақ тілі – жаңылтпаш**<br>**Жұмыс:**<br>«Қап, қап, қапта, қапта қап бар» сияқты жаңылтпашты бірнеше рет айтқызу. | | **Тіл дамыту – интонация**<br>**Жұмыс:**<br>Бір сөйлемді үш түрлі айту:<br>– хабарлы<br>– сұраулы<br>– лепті<br>(Мысалы: «Сен келдің») |
| **Серуенге дайындық** | Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру.<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды  үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**).<br>Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету<br>**Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен** | **«Ақ қоян»** *Шарты:* Балалар шеңберде тұрады. Қоян рөліндегі бала секіріп жүреді, белгі бойынша ұсталады. | **«Торғайлар мен мысық»** *Шарты:* Торғайлар ұшып жүреді, мысық оларды ұстайды. | **«Кім жылдам?»** *Шарты:* Балалар жарысып жүгіріп, затты алып қайтады. | | **«Допты қуып жет»** *Шарты:* Бір бала домалаған допты қуып жетіп ұстайды. |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру.Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру.Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру.Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру.Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту) **Өнегелі 15 минут** | | | | |

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**<u>Мамыр айы 2026 жыл 2 апта</u>**

**Мамыр – бірлік және ынтымақ айы.**

Отбасында, балабақшада қауіпсіз мінез-құлық нормаларын білу

Басқа балалармен сөйлесуге және олармен ортақ тіл табуға дайын болу

Ойы мен сезімдерін білдіре алу қабілетінің болуы

| **Күн тәртібі** | | **Сейсенбі 12.05.2026 ж** | **Сәрсенбі 13.05.2026 ж** | **Бейсенбі 14.05.2026 ж** | **Жұма 15.05.2026 ж** |
| --- | --- | --- | --- | --- | --- |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу<br>Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.)<br>Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу<br>Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру<br>Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу)<br>Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау)<br>**Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру**<br>Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу **Күй күмбірі** | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру;<br>әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату;<br>балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру;ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру.<br>**Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру**<br>Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз.<br>Баланың таңғы асын дәруменге бай етіп дайындаңыз.<br>Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз, бұл сенімділік береді.<br>Киімін өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз, бірақ ауа райына сай нұсқалар ұсыныңыз. | | | | |
| **Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес** | | **«Қауіпсіз жол» (рөлдік ойын)**<br>**Рөлдер:** жаяу жүргінші (балалар), жүргізуші, жол | **«Сиқырлы дорба»**<br>**Шарты:** Дорбаға әртүрлі ойыншықтар салынады. Бала көзін жұмып, бір | **Танымдық әрекет – «Не өзгерді?»**<br>**Шарты:** Үстелге 4–5 зат қойылады. Бала қарап алады, кейін көзін жұмады. Бір зат | **Коммуникативтік әрекет – «Сұрақ-жауап»**<br>**Шарты:** Балалар кезекпен бір-біріне сұрақ қояды (аты, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **және басқалары** | | полициясы Балаларға көшеден дұрыс өту жағдайы көрсетіледі.<br>– Бір бала – жүргізуші (көлік жүргізеді)<br>– Бір бала – жол полициясы (ережені бақылайды)<br>– Қалғандары – жаяу жүргіншілер бала ережені бұзса, жол полициясы тоқтатып, дұрыс әрекетті түсіндіреді. | затты ұстап көру арқылы табады және атайды. | алынып тасталады. Бала қай зат жоғалғанын табады. | жасы, сүйікті заты). Толық жауап беруі керек. |
| **Ертеңгілік жаттығу** | «Менің Қазақстаным» әнұран тыңдату,бірге орындау,жаттату<br>Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету.<br>Мамыр айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе | | | | |

<table>
<tr><td></td><td colspan="5">заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау.Міндеті: Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету. Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы</td></tr>
<tr><td>Таңғы ас</td><td colspan="5">Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы</td></tr>
<tr><td>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</td><td colspan="5">Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру<br>Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері<br>Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру</td></tr>
<tr><td>Кестеге сәйкес ҰІӘ</td><td>Тіл дамыту<br>Тақырыбы: «Батырлар – ел қорғаны»<br>Міндеті: Балаларды батырлыққа, ерлікке</td><td>Көркем әдебиет<br>Тақырыбы: «Батыр туралы әңгіме»<br>Міндеті: Балаларды батыр бейнесін өздігінен құрастыруға,</td><td>Математика негіздері<br>Тақырыбы: «Реттік санау»<br>Міндеті: Реттік санауды үйрету, зейінін, есте сақтауын дамыту,</td><td>Қазақ тілі<br>Тақырыбы: «Тақпақ айтамыз»<br>Өлең, тақпақ жаттау арқылы балалардың сөздік қорын байыту. Сөйлеу мәнерін, дауыс ырғағын және</td><td>Математика негіздері<br>Тақырыбы: «Ұзын – қысқа»<br>Міндеті: Заттарды салыстыру арқылы талдау жасауға, себеп-салдарлық</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тәрбиелеу, сөйлеу мәдениетін жетілдіру **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:** Лепті сөйлемдерді дұрыс интонациямен айту **Сөздік қор:** Батыр, ерлік, күшті, батыл, қорғаушы **Тілдің грамматикалық құрылымы:** Лепті сөйлемдер құрастыру **Байланыстырып сөйлеу:** Сын | сюжетті дамытуға үйрету **Көркем әдебиет дағдылары:** Оқиғаны жүйелі баяндау, кейіпкер образын ашу **Әдіс-тәсілдер:** Әңгімелеу, сұрақ-жауап, бағыттау **Технологиялар:** Дамыта оқыту, шығармашылық әдіс **Тапсырмалар:** Өз бетінше батыр туралы әңгіме құрастыру. Кейіпкердің әрекетін сипаттау **Ойын:** «Батырды бейнеле» **Ойын шарты:** Балалар батырдың қимылын | логикалық ойлауын жетілдіру **Математикалық дағдылар:** Бірінші, екінші, үшінші ұғымдары **Әдіс-тәсілдер:** Түсіндіру, сұрақ-жауап, жаттықтыру **Технологиялар:** Дамыта оқыту, ойын технологиясы **Тапсырмалар:** Заттарды ретімен орналастыру. Реттік орнын анықтау **Ойын:** «Орныңды тап» **Ойын шарты:** Балалар қатарға тұрып, өздерінің реттік орындарын анықтайды | дұрыс айту дағдыларын дамыту. Көркем сөзге қызығушылығын арттыру. **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті** Ұ, ү, і дыбыстарын дұрыс және анық айтуға жаттықтыру. Дыбыстарды сөз ішінде дұрыс қолданып, мәнерлеп айтуға үйрету. Өлең оқу кезінде тыныс алуды дұрыс сақтауға дағдыландыру. **Сөздік қор** Отан туралы тақпақтарды жаттау арқылы жаңа сөздермен таныстыру. Отан, туған жер, ел туралы түсініктерін кеңейту. Сөздерді орынды | байланыс орнатуға үйрету **Математикалық дағдылар:** Ұзын, қысқа ұғымдары **Әдіс-тәсілдер:** Салыстыру, бақылау, талдау **Технологиялар:** Дамыта оқыту **Тапсырмалар:** Әртүрлі заттардың ұзындығын салыстыру. Қорытынды жасау **Ойын:** «Қайсысы ұзын?» **Ойын шарты:** Балалар екі затты салыстырып, қайсысы ұзын екенін айтады<br><br>**Қазақ тілі** **Тақырыбы:** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
